



Қазақстан Республикасының
Президенті

25/03/2021

Жоғары Мәртебелі,

Сізді Грек Республикасының ұлттық мерекесі – Тәуелсіздіктің 200 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.


Бүгінгі таңда Грекия саяси тұғырын бекем, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен азаматтарының әл-ауқатын қамтамасыз етуде, сондай-ақ халықаралық сахнадағы беделін арттыруда қомақты жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Осы тұста егемендік пен теңдік, ынтымақ пен бірлік қағидаттарын берік ұстанған еліңіз баянды өркендеуін жалғастырып, игі мақсат-мұраттарға жете беруіне тілектестігімді білдіремін.

Біз Грекияны Оңтүстік Еуропадағы сенімді әрі маңызды әріптестеріміздің бірі деп білеміз. Қазақстанда тұрып жатқан 10 мыңнан аса грек ұлтының диаспорасы мемлекеттеріміз арасындағы «алтын көпірге» айналып, дәстүрлі достық пен мазмұнды саяси диалогқа негізделген өзара тиімді сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастығымызды одан әрі нығайтуға ерекше үлес қосып отырғанын қуанышпен атап өтемін.

Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы Кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім шеңберіндегі байланыстарымыз да әлеуеті зор қарым-қатынастарымызды өрістете түсетініне сенімім мол.

Орайлы мүмкіндікті пайдаланып, Президент ханым, аса жауапты қызметіңіз бен қолға алған тың бастамаларыңызға сәттілік, ал барша отандастарыңызға толассыз ырыс пен құт-береке тілеймін.

Ізгі ниетпен,


Қасым-Жомарт Тоқаев

Жоғары Мәртебелі
Катерина Сакелларопулу ханымға
Грек Республикасының Президенті

Афина